

» Фибратты ғұмыр

Ол нағыз ұстаз еді

Биыл 22 қыркүйекте еліміздің ғылым мен білім саласына өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлға – физиолог-ғалым, биофизик, профессор, мыңдаған дәрігерлер мен педагог кадрлардың ұстазы Өлкен Ахметбекұлы ӨТЕПБЕРГЕНОВТИҢ туғанына 90 жыл толады. Өлкен Ахметбекұлы 1935 жылы Қарағанды қаласында шахтер отбасында дүниеге келген. Өлкен ағаның балалық шағы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Байқадам ауылында өтті. 1943–1953 жылдары осы ауылдағы орта мектепті үздік аяқтап, кейін Қарағанды мемлекеттік медициналық институтының емдеу ісі факультетінде білім алды. 1959 жылы үздік нәтижемен жоғары оқу орнын тәмамдап, жас маман дәрігер ретінде еңбек жолын бастады.

1957–1958 жылдары ол Теміртау қаласында жедел жәрдем фельдшері, 1958–1959 жылдары Қарағанды облысы, Шет ауданындағы фельдшерлік-акушерлік пункттің меңгерушісі болып еңбек етті. Ал, 1959 жылдан бастап Қарағанды мемлекеттік медицина институтының қалыпты физиология кафедрасында ассистент қызметін атқарды.

1964 жылы Мәскеудегі КСРО Медицина ғылымдары академиясының Қалыпты және патологиялық физиология институтында ординатурадан өтті. 1967 жылы «Тәжірибелік токсикалық бауыр дистрофиясындағы холинергиялық жүйенің өзгерістері» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, медицина